



Ұлттың жоғын түгендеу — жүрегіне сол ұлтқа деген зор махаббат ұялаған адамның ғана қолынан келер ұлағатты іс болар. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз де сондайлардың санатынан. Ел кеңкелес болуға шақ қалған кеңес заманының өзінде қазақтың жоғын, яғни ұлттың өзгелерге ұялмай көрсететін өнерлі ермегі — шахматпен терезе теңестіріп ойыны тоғызқұмалақтық тарихын тарихтың тозаңынан аршып алуға белді буып, жеңді түре кіріскендердің бірі — Құрал Әмірұлы Қаппаров деген ұлтжанды азамат еді...

Құрал аға Қаппаров 1938 жылдың 30 желтоқсанында Шет ауданындағы Байназар аулында дүниеге келді. Тәңірі Құрал ағаға бар саналы ғұмырын бала оқытуға жазыпты. Қырық жыл бойы білім беру саласында дене тәрбиесі, еңбек, алғашқы әскери дайындық пәндері бойынша ұстаздық қылды. Аудандағы қазіргі соқталдай-соқталдай азаматтардың көбісін үлкен өмірдің соқпағына осы Құрал аға ширатып салды. Мектепте жүрген жас балғынның бойына спортты сүйе білудің дәнін сіңірді. Соның жемісі ғой, Құрал ағаның алдын көрген талай жас кейінде спорттық түрлі додаларда топ жарып жүрді. Солардың бәрі шетінен спортшы болып кетпеседе, спортты жанына өмірлік серік еткен, дене күші мен рух қуаты қатар дамыған азамат болып қалыптасты.


Өйткені, жүрегінен мейірім мелдектеген Құрал Әмірұлы еңбекке баулып, спортқа үйретіп қана қоймай, әрбір жастың бойына ізгілік пен адамгершіліктің ұрығын себетін.

Құрал аға Әмірұлы хақында әңгіме қозғағанда, алдымен ауызға халқымыздың атамзаманнан аты

түре айтатын, кеудесі алтын сандық көшелі кісі деп таныды. Шет өңіріндегі даланың ауызша тарихының таусылмас мол әңгімесін майын тамызып шертетін шежірешілдігі де бір төбе болатын ол кісінің.

Құрекеңнің тынымсыз еңбегі табыссыз да болмады. Оның дәріс беріп, тоғызқұмалақтың қыр-сырын тануға баулыған шәкірттері өз алдына бір шоғыр боп өсіп, аудан, облыс һәм республика деңгейіндегі дода-

болар, Құрекең балаларының жоғары білім алуына аса мән берді. Үш ұл мен жалғыз қызды оқытты. Ниеті қабыл болып, балалары қатар жүрген құрбысының алды болды. Қазіргі таңда оқжонар Дарыны ҚР Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінде бөлім бастығы болып қызмет етсе, Дәуірі Алматыдағы Қ.Сәтбаев атындағы Техникалық университетте оқытушы. Өркені де Алматыда - құрыш білек құрылысшы. Жалғыз қызы Жанар ерте



лардан олжалы оралып жүрді. Өз ал-

тұрмыс құрды; Ақадырдың маңын-

швейцариялық жүйемен аса тартысты өтті. Командалық есепте ақадырлық тоғызқұмалақшылар бәйгенің алдын бермеді. Қарқаралы ауданы екінші орынды қанағат тұтса, Ақтоғай ауданы үшінші орынға тырнақ іліктірді.

Жкелей сынға келер болсақ, 18 қыздың ішінен қарауызға ақтоғайлық Айнұр Омарова деген қарындасымыздың шеберлігін алабөтен атап өтуіміз керек. Айгүлдің алған бәйгісі де осал болмады: түрлітүсті шетелдік теледидар. Оны жеңімпазға Астана қаласындағы «Нұрдаулет» ЖШС-нің директоры Мұрат Бекішев өз қолынан табыс етті. Ақадырлық Гүлзада Қасқырбаева мен Айгүл Адайбекова (Жаңаарқа) тиісінше, екінші және үшінші орындарды бөлісті. Екінші орын алған Гүлзадаға шаңсорғышты Астанадан келген кәсіпкер Алмат Қасалиев табыстаса, үшінші жұлде — дивиди-магнитофонды облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментінің бөлім бастығы Мейрамбек Үсенбеков тарту етті.

Ал енді, ерлер арасындағы жүлделерді жаңаарқалық Е.Іслямов пен қарқаралылық Б.Бейсенаев және ақтоғайлық Б.Иманбеков жазылу реті бойынша өзара бөлісті. Реті келгенде айта кету керек, осы жарысқа Құрекеңнің ұрпақ сабақтастығының үлгісін танытқан немересі Балауса Құралова деген құлыншақ та қатысып, тап-тамаша өнер керсетті.

Жалпы алғанда, біріншілік додасына қатысқан спортшылардың бір де біреуі сый-сияпатсыз кеткен жоқ. Аудан әкімінің Құрмет грамотасы, аудандық білім және спорт бөлімінің ақшалай һәм заттай сыйлықтары өз иелерін адаспай тауып жатты. Ауыл әкімі Аманкелді Қызылов пен аудандық білім және спорт бөлімінің бас маманы Еркебұлан Ақжанов та спортшыларға қолдан келген сый-сияпатты жасап бақты. Одан бөлек, Құрекеңнің ұлдары Дарын мен Дәуірдің Астана мен Алматы арасындағы дос-жарандары һәм ауылдас құрбы-құрдастары Серік Медиев, Фархат Жумкин, Еркебұлан Бөлкенбаев, Қанат Тұяқ, Тілеуқабыл Тиыштыбеков, Әлібек Әлиев, Тоқтар Темірбеков, Қанат Ақылбеков сынды азаматтар да жолынан жығылмады. Әкесінің аруағын аунатқан Дарын Құралұлы осы жарысқа ат терлетіп арнайы келген аудан спортшыларының басшыларының иығына қазақтың дәстүрімен шапан жауып, ілтипатты құрметті иілік ізетпен жеткізді.

өшпей келе жатқан ойыны - тоғыз-


құмалақты алу керек. Шет ауданында, тіпті облыс көлемі бойынша тарихпен бірге жасасып келе жатқан тоғызқұмалақ сынды көне ойынның өшкенін жағып, жоғын тапқан жандардың бірі һәм бірегейі Құрал Қаппаров десек ақиқаттан қия баспаспыз.

Құрекең халықтың жадында көмескіленіп қалған тоғызқұмалақ сынды көне ойынды өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап насихаттап, оны дамыту ісіне мықтап ден қойды. Тоғызқұмалаққа қатысты нәрсенің баршасы Құрекеңнің назарынан тыс қалмады. Ұлттық ойынның арғы-бергі тарихы, оның адамның ақыл-ойын жетілдіруге тигізетін пәрмені, болашақта тамырын тереңге жайып өріс алуы, бәрі-бәрі ұлтжанды азаматты ұзына өмір бойы голғандырып өтті. Замандастары Құрекеңді елдің, жердің тарихын

дына мектеп салды деген осы емес пе? Есімдері елге мәлім тоғызқұмалақшылар Ерқанат Бөлкенбаев, Өркен Қаппаров, Жанна Сәулебекова, Гүлжан Избасарова, Ерлан Мұқабаев, Құрал Самал, ағайынды Сыздықовтар және т.б. Құрекең мектебінің түлектері.

Тоғызқұмалақ ойынының дамуына маңдай тері сіңген ағамыздың майдан еңбегі атаусыз қалған жоқ. 2002 жылы ҚР Туризм және спорт агенттігі басшысының бұйрығымен «Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері» деген атаққа ие болды.

Құрал ағамыз отбасы, ошақ қасында да Алланың рахымы жауған адам. Тұрсынай жеңгіміз екеуі төрт баланы бағып-қағып, қатарынан кем қылмай өсірді. Бір өкініштісі, тұңғыштары Сейілхан жастай шетінеп кетті. Кезінде өзі заманның тарлығынан сыртқа шығып, оқи алмағандықтан



дағы Ортау аулында ел қатарлы тірлік қылып, тұрып жатыр.

«Не ексең, соны орасың» деген сөздің даналығын тағы бір мәрте дәлелдеген жайт осы биылғы жазда болды. Азаматтың артындағы атын ұлықтаған ұрпағы, еңбегін ескерген ел-жұрты барлығын білдіріп, нарлық іс қылды: Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы селосында тоғызқұмалақтан Құрал Әмірұлын еске түсіруге арналған облыстық деңгейге бергісіз аудандық ашық біріншілік өтті. Тақта үстіндегі тартысты бәсекеге бес бірдей ауданнан — Қарқаралы, Осакаров, Жаңаарқа, Ақтоғай және Шет аудандарының тоғызқұмалақ шеберлері келіп қатысты. Шет ауданының өзінен Ақадыр, Босаға, Ақой және Ақсу-Аюлы елді мекендері өз алдына жеке команда құрып, жүлдеге талас қылды. Сонда, Құрекенді еске түсіру турнирінде тоғыз командадан ұзын саны 42 тоғызқұмалақшы тартысқа түсті.

Аудан орталығындағы № 11 кәсіптік мектепте өткен біріншіліктің ашылу салтанатына ауданның атқа мінген азаматтары атынан әкімнің орынбасары Қайыржан Тілеубергенов, Құрекеннің тай-құлындай тебісіп өскен замандастары мен ауылдастары - белгілі жазушы Кәмел Жүністегі, Бекежан Хамзин, Сайлау Ғабдуллин, Шәкіш Бөлтекеев, Сайлау Сәулебеков, үзегілес әріптесі, атақты тоғызқұмалақшы Балтабай Қасқырбаев сынды ағаларымыз марқұм жайлы бой жылынып, жүрек тебіренерлік естелік айтты. Осы жарыстың өтуіне мұрындық болған көшелі азамат, марқұмның ұлы Дарын Құралұлы бастаған іске қол ұшын беріп, қолтықтан демеген аудан басшыларына, әкесінің көзін көрген ағаларына, ниеттес барша ағайын мен дос-жаранға ет жүректі елжіреткен алғысын айтты.

Екі күнге ұласқан біріншілік

Орталық Қазақстан.- 2005.- 3 қыркүйек (№39).-5 б.

былу рәсімінде осы біріншілікті ұйымдастыру ісіне сүбелі үлес қосқан облыстық Дене шынықтыру және спорт департаменті директорының орынбасары Ерден Халилин мен облыстық тоғызқұмалақ федерациясының басшылығы тоғызқұмалақтан ҚР Құрметті спорт қайраткері Құрал Әмірұлы Қаппаровты еске түсіруге арналған аудандық ашық біріншілікті келер жылы, яғни 2006 жылы облыстық, тіпті республикалық деңгейде өткізу туралы ұсыныс жасады. Осы шаруаны жүзеге асыру жолында аянбай іс қылып, әрекет ететіндіктеріне жалпақ жұрттың алдында уәде берді. Қазақта «Уәде — құдай аты» деген құдіреті күшті сөз бар. Қолында билігі бар, құзыры жетіп, айтқан сөзін өткізе алатын ағалардың айтқанынан жаңылмасына де сенеміз. Ақсу-Аюлыда жыл сайын көне тоғызқұмалақ ойынының көрігін қыздырған республикалық додалы жарыс өтіп жатса біздің облысымызға да мерей емес пе?!

Қырықтан асқаннан бергі бар ғұмырынтоғызқұмалақойыныңтайлайлы тағдырыныңжолына құрбан шалған Құрекеннің аруағын жер бесікте тербеткен тағылымды шара Ақсу-Аюлы жерінде осылайша зор абыроймен өтті. «Жақсының аты өлмейді, әлімнің хаты өлмейді» деген осы да.

Қайрат ӘБІЛДИНОВ,
«Орталық Қазақстанның»
арнаулы тілшісі.

ҚАРАҒАНДЫ - АҚСУ-АЮЛЫ -
ҚАРАҒАНДЫ.

СУРЕТТЕРДЕ: **Құрал аға Қаппаров;** Біріншіліктің ашылу салтанатында; Тақта үстіндегі тартыс.